

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№14 (083) БЕЙСЕНБІ

18 сәуір 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ



ТҰҒЫШ АКАДЕМИК ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАНЫШ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҒАЛЫМ ЕСКЕРТКШІ АЛДЫНДА САЛТАНАТТЫ МИТИНГ БОЛЫП ӨТТІ.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫНА ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРМЕТІ

Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Қазақстанның Еңбек Ері, кенші Тұрсынбек Макишев ғалымның мерейтойымен жиналған жұртшылықты құттықтап, ұлт перзентінің еңбек жолы - ұрпаққа үлгі екенін жеткізді.

«Жеті қат жердің астын жеті атасынан артық таныған

ғұламаның арқасында біздің өңірде қалалар салынып, кәсіпорындар бой көтерді. Ұлытау даласын, еліміздің байлығын әлемге таныту жолында жарғақ құлағы жастыққа тимей қызмет еткен азаматтың мерейтойы - баршамызға ортақ дүбір деп білемін»-деді өз сөзінде Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы.

Сондай-ақ іс-шарада «Ұлар» әдеби клубының

ақындары Жанат Әбдіғожин, Абай Ораз, Мұқағали Сейтқазы ғалымның құрметіне арнап жазған өлеңдерін оқыды.

Қонақтар академик ескерткішінің алдына гүл шоқтарын қойып, Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында «Қаныш» премьерасын тамашалады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылдың 18-20 сәуір аралығында сыртқы жылу желілері мен үйшілік жылу жүйелерін сығымдау (жоғары қысымды тығыздыққа сынау) жүргізілетін болады:

№ 1,3 жылу желілері – 19 сәуір;

№ 2,4 жылу желілері – 18 сәуір;

№ 5,6 жылу жылу желілері (Сәтбаев қаласының өндірістік алаңы) – 20 сәуір;

Құбырдың жарылуын болдырмау үшін жеке үйлердің тұрғындары сығымдау кезінде өздерінің үйшілік жылу жүйесін орталық жылу жүйесінен ажыратуы қажет.

«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС әкімшілігі

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ г. САТПАЕВ, РУКОВОДИТЕЛЕЙ ПРЕДПРИЯТИЙ И УЧРЕЖДЕНИЙ!

С 18-го по 20-ое апреля 2024 года будет производиться опрессовка (испытание на плотность повышенным давлением) наружных тепловых сетей и внутридомовых систем отопления:

теплосеть № 1,3 – 19 апреля;

теплосеть № 2,4 – 18 апреля;

теплосеть № 5,6 (промплощадка г.Сатпаев) – 20 апреля;

Во избежание разрывов трубопровода жителям частных домов необходимо на время опрессовки отключить свои внутридомовые системы отопления от центральной тепловой сети.

Администрация ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения»

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

ЕЛ ДОСТЫҒЫ – ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА

Қазақстан – әлемдегі достық символына айналған мемлекет екені әмбеге аян. Оның себебі, елімізде көптеген этностар қазақ халқымен бірге тату-тәтті ғұмыр кешуде.

Баға жетпес байлығымыз- бабаларымыздан өсиет боп қалған, халқымызға қасиет боп қонған бақыт – бірлігіміз. Құнды қазынамыз - тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыздың бірлігі. Дана халқымыз: «Еркіндік қайда болса – елдік сонда, бірлік қайда болса – ерлік сонда» деп айтқанындай, осының барлығы тәуелсіздігіміздің жемістері.

Қоғамдық келісім, тұрақтылық және бірліктің арқасында Қазақстан өркендеп, дамып келеді. Бүгінде, сан ұлт өкілдері бір шаңырақтың, бір тудың астынан табылып, еңселі ел, іргелі мем-

лекет атандық.

Бірлік - адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың белгісі. Қазақ халқы бірліктің күнделікті тіршіліктегі орны мен маңызын «бірлік болмай тірлік болмас», «бірлік түбі - береке», «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп түйген. Ассамблея алғаш құрылған күннен бастап бірлігіміздің бастауы, тірлігіміздің арқауы болуда. Халықтың қуаты - бірлікте. Тұрақтылық – тұғырымыз. Бірлік - баға жетпес басты байлығымыз. Қоғамдағы ұлтаралық келісім мен саяси

тұрақтылық - ең әуелі Отанымыздың дамуы мен ел тыныштығының кепілі. «Біздің халқымызға ең басты керегі – бірлік, ұлтаралық татулық пен саяси тұрақтылық», - демекші, біздің әрқайсымыз еліміздегі татулықты нығайтуға өзіндік үлесімізді қосуға міндетіміз. Өйткені, біздің еліміздің баға жетпес байлығы – қоғамдық келісім және халықтардың достығы екендігін бәріміз де түсіне білгеніміз абзал. Қазақстанның өркениетті қоғам құру кезінде қол жеткізген барлық табыстары – ұлтаралық келісім, азаматтар бірлігі және ішкі саяси тұрақтылықтың жемісі екені даусыз. Срның арқасында еліміз, халқымыз түрлі этностардың мәдениеті мен дәстүрін құрметтеп, әлемдік өркениетке бейбітсүйгіш ел ретінде енді.

Тәуелсіз елімізде өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт - дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Халықтар достығының бесігіне айналған көпұлтты Қазақстанның жолы – тұрақтылық, жаңару, өркендеу.

«Тату елге ғана береке болады» дейді халық даналығы. Басты мақсат - еліміздің бірлігі мен ынтымағын, қоғамдық келісімді одан әрі нығайтуға қызмет жасау - әрқайсымыздың абыройлы борышымыз.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ,
Ұлытау облыстық
ақпараттық-түсіндіру
тобының мүшесі.**

АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

«ҚАНЫШ ҚАЗЫНАСЫ»

Ұлы ғалым Қ.И.Сәтбаевтың мерейтойы қарсаңында Қазақстан халық партиясы Сәтбаев қаласындағы 8-11 сынып оқушылары арасында «Қаныш қазынасы» атты эссе байқауын ұйымдастырды.

Оқушылар бойында патриотизм мен ұлттық мәдениетті қалыптастыру, жеке шығармашылық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік тудыру, Қаныш Имантайұлының өнегелі өмір жолын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған байқау оқушылар арасында зор қызығушылық тудырды.

Байқау қорытындысында №16 жалпы білім беретін мектебінің 8 сынып оқушысы Төлеу Гүлім, С.Сейфуллин атындағы гимназиясының 8 сынып оқушысы Роман Қарлығаш, Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Сариева Ақбаян, Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы Ерубеева Қарақат, Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Ержан Әйгерім, №3 жалпы білім беретін мектебінің 9 сынып оқушысы Абдра-



шева Рауан жүлдегерлер шоғырын құрады. Жүлдегерлерге партия өкілдері ақшалай сый - сияпат көрсетті.

Байқауға қатысушылар Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимна-

зиясының тарих пәні ұстазы Ләззат Бейсованың Қаныш Сәтбаев туралы айтқан әсерлі әңгімесін де тыңдады.

А.БЕКТАСОВА

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ»

Қалалық Оқушылар сарайында өткен дөңгелек үстел осылай аталды. Тақырыбынан көрініп тұрғандай, бұл іс-шара ұлы ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толу салтанаты аясында өтті.

Қаныш Имантайұлының ұлағатты өмірін және тарихтағы орнын жас ұрпаққа дәріптеуді мақсат тұтқан дөңгелек үстелге Оқушылар сарайының ұстаздары, оқушылары қатысты. ҚР Ақпарат саласының үздігі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Абдолла Дастанов құрметті қонақ ретінде шақырылды. Ол Қаныш Имантайұлы туралы көзкөргендерден естіген естеліктерімен бөлісті және өзінің құрастыруымен жарық көрген «Сәтбаев - достықтың қаласы» кітабын сыйға тартты.

Дөңгелек үстел кезінде Қ.Сәтбаев өмірі қатысты слайдтар көрсетіліп, викториналық сұрақтар қойылды, «Қаныш» фильмі туралы қызықты деректер таныстырылды. Оқушылар Қаныш Сәтбаев туралы ақындардың өлеңдерін оқып, Оқушылар сарайының дәстүрлі ән үйірмесінің жетекшісі Абай Омаров Қаныш аға сүйсіне шырқаған әндердің бірі «Қорланды» нәшіне келтіре шырқады.

Іс-шараның мазмұнды да тартымды өтуіне «Шабьт» ән үйірмесінің жетекшісі Гүлжан Мұратқызы, «Daily English» үйірмесінің жетекшісі Айнұр Мейірманова белсенділік танытты.

Дөңгелек үстел ақын Қуаныш Ахметовтің сөзіне жазылған композитор Марат Түсіпбековтің «Қаныш қаласында» әнімен аяқталды.

**Г.САМЕНБАЕВА,
Оқушылар сарайының
«Шабьт» ән-би үйірмесінің
жетекшісі**

«ҚАНЫШ САЛҒАН ӘНДЕР-АЙ...»

Ұлы ғалым Қ.И.Сәтбаевтың атақты өнер зерттеушісі А.Затаевичке қазақтың 25 әнін орындап беріп, жаздырғаны мәлім. Олардың арасында «Қара жорға», «Бибігүл», «Мақпал», «Іңкәр», «Сарын» және басқа да әндер болған.

Қаныш Имантайұлымен кездескен сәтін Александр Викторович: «Қаныш Сәтбаев – Томск технологиялық институтында білім алған қазақтың жас инженері. Баянауыл әндерінің тамаша білгірі және жақсы орындаушы, ол осы жинаққа тек әуендер мен әндерге қатысты ғана емес, сонымен қатар әннің сөздеріне қатысты да бірқатар құнды хабарламалар берді, әрі осы әннің сөздерін орыс тіліне аударды», деп жазып кеткен еді.

Ғалымның 125 жылдық мерейтойы қарсаңында Сәтбаев қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі алғаш рет «Қаныш салған әндер-ай...» атты облыстық фестиваль ұйымдастырды. Фестиваль барысында Жаңааарқа ауданынан, Жезді кентінен, Сәтбаев қаласынан келген Б.Сарымсақов, Е.Әлғожин, А.Смағұлов, М.Сейітқамалова, Ж.Сыздықов, М.Саяжанқызы, Е.Көшенов, Ж.Омарова және басқа да



әншілер Қаныш Имантайұлы орындаған әндерді шырқап, көрермен қошеметіне бөленді.

Жиын қатысушыларына арнайы сыйлықтар табысталды.

А.НҰРТАУҰЛЫ

► ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЙНАРЫ

БАЛАҢЫЗ КІТАП ОҚИ МА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Әділетті Қазақстан құруда саяси-экономикалық реформа жасаудан бөлек, ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керектігін алға тартып, еліміз үшін ұлттық жаңа сапасын қалыптастырудың айрықша маңызды екенін атап айтқан болатын. Озық ойлы ұлт қалыптастырудың жайы жуырда Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында одан әрі жалғасын тапты. Ұлттық кітап күнін атап өтуді қолдаған Президент құрылтайда: «Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», деді.

Сөз жоқ, кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Олай болса, біз бүгінде кітап оқимыз ба? Әсіресе, бұл мәселе жастарға, болашақ ұрпаққа тікелей қатысты екені даусыз. Негізінде тіл мен кітап бір-бірімен тығыз байланысты. Ана тіліміз дамысын десек, смартфонға байланып қалған жастардың бойына кітапқа құмарлықты сіңіріп, дамытуымыз керек. Оның үстіне интернет өнімдерін талғамсыз пайдаланудың бала тәрбиесіне теріс ықпалын тигізіп жатқаны да жиі айтылуда. Ал, жастарды кітап оқуға баулуды қалай жолға қоюға болады? Бұл жөнінде жалпы қоғам болып қозғау салған жөн сияқты. Президент өткен жылғы құрылтайда да осы маңызды мәселені қозғап, кітаптардың қолжетімді болуы және қоғамда кітап оқуға деген қызығушылықты ояту үшін елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін замануи кітапхана салу туралы ұсыныс айтқаны да есімізде. Кітап оқуға ниеттенген жанға қазір мүмкіндіктер көп. «Қазақстанды кітап оқитын елге айналдырамыз» деген ұранмен жақында Жезқазған қаласында «Kіtar AL» дүкенінің ашылуы да осы бағыттағы жаңа қадамдардың бірі деуге болады.

Еліміздің Тәуелсіздікке қадам басқан елең-алаң кезінде кітапханалардың жабылып қалғанын да көрдік. Қазір бұл жағдай түзелді, білім ошақтарының жұмысы жандана түсуде. Қажетті кітап қоры да мол. Ал, осы рухани игілікті бүгінгі пайдалану жайы қалай екен деген оймен жақында «Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ-нің балалар



мен жасөспірімдер кітапханасының табалдырығын аттаған едік. Екінші қабатқа көтерілер тұста жазулы тұрған Абай хакімнің ұлағатты сөзі бірден көзге шалынып, білім қазынасының алға ұстаған темірқазығындай әсер етті.

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге,
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге» - депті ұлы ақын.

Кітапхана ғимаратының өткен жылы күрделі жөндеуден өткенінен хабарымыз бар-тын. Ішіне кіргенде жаңарып,

жақсарған білім ошағының ұядай жайлы мекенге айналғанына сүйсіндік. Қатар-қатар серелердегі тізілген алуан тақырыптағы кітаптар, ұлылар мен даналардың білім көзі туралы ғибратқа толы сөздері бірден көз тартады. Мұнда 47300 кітап қоры бар екен. Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі Динара Сексенбаевамен әңгіме барысында «осы күні балалар кітап оқи ма?» деген көптен көңілде кептеліп жүрген сауалды қоюға тура келді. «Неге оқымасын, оқиды» деген меңгеруші алдымызға атқарылып

жатқан шаруалардың біразын жайып салды.

Бүгінгі кітапханалар цифрлы технология жетістіктеріне сай жабдықтармен жетілдірілген. Балаларды кітапқа қызықтыруда жас ерекшеліктеріне қарай 3D электрондық нұсқасын, сөйлейтін кітаптарды, ұялы телефондағы қосымшаларын, түрлі-түсті форматтағы және буындап оқитын кітаптарды ұсынамыз. Балалар жақсы келеді, ата-аналарымен, әжесімен бірге келіп оқитындар көп. Бүгінде кітапхананың 2500-дей оқырманы бар. Кітапханада 3 клуб тұрақты жұмыс істейді. «Керемет шеберхана» атты клубымыз 0-4 сынып оқушыларына арналған, «Жерұйық» өлкетануға қызығушыларды қамтыса, туған жерге сүйіспеншілік, патриоттық тәрбие тақырыптарын қамтитын «Атамекен» клубы ересек балалармен жұмыс істеуді көздейді. «Ертегі терапия» деген жобамызда дауыстап оқу арқылы баланың көңілін бөліп, ертектен емдеуді мақсат тұтамыз. «Келбет» деген жобамызда өңірге танымал адамдарды, еңбек өрендерін шақырып балалармен кездесуін ұйымдастырамыз. Балаларды кітапханаға тартып, қызығушылығын оятуда басқа да көптеген іс-шаралар өткізіледі. Балабақшалармен, мектептермен жұмыс жүргізуде жылжымалы кітапхана іске қосылады, дейді Динара Мақсұтқызы.

Балалар кітапханасындағы атқарылып жатқан істерді саралай келіп, көңілге ұялаған «балалар кітап оқымайды» деген пікіріміз өзгергендей болды. Әжесі жетелеп келіп жатқан бірнеше жеткіншектерді де көзіміз көрді. «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» қоғамын қалыптастырудағы идеологиялық жұмыстардың негізгі бағыттарын атап көрсеткен Президентіміздің «кітап оқитын халық қана нағыз зиялы бола алады» деген сөзінің мәні де өте тереңде. Олай болса, әлеумет, кітап оқыық! Балаларымызды да кітап оқуға баули білейік.

Амандық РАХҰЛЫ

► ЖОЛДАУ: ЖАҢАРУ ЖОЛДАРЫ

БІТІМГЕРШІЛІК БЕРЕКЕГЕ БАСТАЙДЫ

Мемлекет басшысы жуырдағы кезекті Жолдауының біраз бөлігі экономикалық және әлеуметтік мәселелерге және дағдарыстан кейінгі елдің дамуының негізгі мақсаттарына арналған. Онда мемлекеттің қатысуынсыз ымыраға келуге мүмкіндік беретін дауларды шешудің баламалы тәсілдерін одан әрі дамыту, яғни, медиация институтын дамыту міндеті де нақты белгіленген.

Сондықтан да, қазір дау-жанжалдарды сотқа жеткізбей шешу, уақытылы әрі қажетті үдеріс. Әлемдік статистикаға сүйенсек, даудың 40%-ы медиатордың көмегімен шешіліп, істің 70%-ы оң нәтиже беруде.

«Медиация туралы» Заң елімізде 10 жыл бұрын қабылданғандықтан, медиация бізге таныс құбылыс. Алайда, дауды шешу мәдениеті ғасырлар бойы қоғамда көпті көрген, тәжірибелі, құрметті адамға жүгіну арқылы дамып келді. Мұның дәлелі медиация институтын құрудың тарихи алғышарты ретінде бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан билер институтын айта аламыз.

Медиация бұл қарапайым тілмен «бітімгершілік» деп айтуға болады.

Тараптар арасында келіспеушілік туындаған жағдайда азаматтар мен заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады. Екі арадағы келісім медиаторлар арқылы жүзеге асырылады.

Медиацияның мақсаты дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қолжеткізу. Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Медиацияны қолдану дауласушы тараптарға соттағы қағаз бастылықтан,

мағынасыз уақыт және ақша жұмсаудан, сонымен қатар адамгершілік, іскерлік немесе серіктестік қатынастарды, бедел мен өз ортасындағы сыйластықты сақтауға мүмкіндік береді.

Медиация туралы келісімге қол жеткізгеннен кейін, егер іс сотта қаралса, ол сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады. Дауласушы тараптар медиация туралы келісім-шарт және сотқа дейінгі тәртіппен жанжалды реттеу туралы келісім жасаған жағдайда, келісім дауласушы тараптар оны ерікті түрде орындауға міндеттеледі дегенді білдіреді.

Медиация бір жағынан сот жұмысын жеңілдету құралы. «Медиация туралы» заң қабылдау азаматтарға мәселені

шешу жолын таңдау еркіндігін, адам құқықтарын қорғаудың жаңа мүмкіндігін қолдану, азаматтық қатынастың замануи формасын қалыптастыру, мәселерді конструктивті диалог арқылы шешу сияқты зайырлы қоғамға тән мүмкіндіктер берді. Қаржы үнемдеуді білай қойғанда, медиатордың көмегімен мәселені бірнеше сағатта шешуге болады. Бұл уақыт үнемдеудің де тәсілі. Сонымен консенсуске келу арқылы тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтап қалу ықтималдығы жоғары. Көріп отырғанымыздай, медиация институты азаматтық қоғам қалыптастырудың дамуының белгісі. Себебі мәселені сотқа жеткізбей шеше алу адам құндылықтары мен көзқарасын жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын көрінісі.

Қорыта айтқанда, бітімгершіліктің негізгі мақсаты дауласушы екі тарапты да қанағаттандыратын ортақ шешім табу, екі жақтың да пікірін үйлестіріп, бітімге келтіру болып табылады.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық сот
өкімшісінің басшысы

► ӘҢГІМЕ



Әсем МҰХАМЕДЖАН,
Қ.Сәтбаев атындағы
№9-мектептің мұғалімі



Қаланың ең бір жанға жайлы, тыныш, бұзақылықтан ада, бірыңғай қазақтар тұратын, көшелері көрікті, демалыс саябақтары мол ауданындағы екі бөлмелі пәтерінде бар бақыты қалғандай, бүгінде күлмейтін, қуанбайтын күйге түскен. Бұрынғы ашық-жарқын Алтынайды сіз қазір тек томсырайған, қабағына кірбің ұялаған көңілсіз күйде көресіз. Осы көрікті ауданның орталық аллеясымен келе жатып, жағалай қойылған ағаш орындықтардың біріне жайғасты. Жаңбыр басылған. Әйтсе де орындықта дымқыл бар. Жанынан өткен суық ызғар сыртқы суықты елетпегендей отыра берді. Өткен күннің барлығы күні кешегідей көз алдына келді.

Ақкөңіл, аузын ашса көмейі көрінетін аңқылдақ қыз қаладағы ең беделді оқу орнына өз күшімен оқуға түсті. Мамандығын айтсаңызшы. «Есеп және аудит». Талай жыл бір мекеменің бухгалтері болып абыроймен еңбек еткен әкесінің жолын қумаққа бел байлады. Әкесі бала күнінен күн сайын екі қызын екі жағына отырғызып есептер жасыратын:

- Қазір бір есеп берейін сендерге. Қайраттың 500 теңгесі бар еді. Ол мал базарына барып, сол ақшасына жылқы, сиыр, қой алмақ болды. Жылқы 50 теңге, сиыр 10 теңге, қой 1 теңгеден. Ал енді осы ақшасына 100 бас мал алуы керек. Қане, әрқайсынан қаншадан алады? – дейді жымия қарап. Қыздары жарыса есептеуге кіріседі. Әкесі есептің көмбесі дерсіз, кітаптан оқитыны, не ойдан шығаратыны белгісіз, күн сайын есептері түрленіп отыратын. Осылай бала күнінен есепке баулыған екі қызы да оқуды үздік бітіріп, грантка түсті, әке еңбегі ақталды.

Алтынай мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен, бар ықыласын салып оқыды. Өзге құрбылары магазин аралап, кафелетіп жүрген уақытта бұл тапжылмай кітапханада отыратын. Соның әсерінен жоғарылатылған шәкіртақыдан түспейтін. Қылтың-сылтыңмен, жігіт-желеңмен де ісі болмады. Әйтсе де группадағы ең томаға-тұйық жүретін, қыздардың шымшыма сөздеріне жылы жымып қана жауап қайыратын Бағдаттың тарапынан өзіне деген бір ерекше жылылықты байқайтын. Сұңғақ бойлы, қасы-көзі қияқтай сымбатты жігіт өзгелерше қыз-қырқынды үйіріп өкетпей, өзін саяқ ұстайтын.

Тек оқуды бітіретін жылы Алтынайды киноға шақырып, үйіне шығарып салып жүрді. Көрген жанның көзі қызығатындай әдемі жұп болып, университетті бітіре сала шаңырақ көтерді. Ертеде:

ҚҰРБАН

Көктемнің жылы жаңбыры. Тырс-тырс етіп қолшатырға соғылып, сырғып түсуде. Алтынай аяғын санап басып, ақ жауынның астында асықпай аяндап келеді. Анда-санда бұлт жапқан аспанға тоқтап тұрып ойлана қарайды. Бір кездері Бағдат екеуінің бір қолшатырдың астында қолтықтасып бара жататын күндері есіне түсіп, көмейіне өксік тығылады. «Шіркін, қандай бақытты едік. Сол кезде» деді өзінен басқаға естілмес бәсең дауыспен. Дәл осы жолмен талай рет өтіп еді.

- Қайдан келесің? – дегенде бір данышпан:

- Бақыттың ауылынан келдім, – деген екен. Сол бақыттың ауылы осылардың шағын шаңырағында еді. Әр адамның армандайтыны - жақсы жұмыс, жайлы көлік, берекелі баспана, отбасылық бақыт болса, бұларда осының барлығы болды. Баспанаға ата-аналарының көмегімен қол жеткізсе, білікті мамандар ретінде жақсы жұмыстарға өздері орналасты. Сырт көзге суық болып көрінетін Бағдат Алтынайдың жүзіне күлкі үйірілу үшін небір қызықты қалжыңдар айтып, сұп-сұлу жары үшін иіліп жастық, жайылып төсек болатын.

Осы сәулелі сәттердің барлығы көз алдынан кинолентадай тізбектеле өткенде Алтынайдың жүзін тарам-тарам жас жуды. Алғашында алақанына тамған тамшыларды көріп, тағы жаңбыр жауа бастаған екен деп ойлаған. Аспанға қарады. Мұңлы көзімен. Жоқ, аспан ашылыпты, қаз бауыр бұлттар ақырын жылжып барады. Қолына тамған ыстық тамшылар – көз жасы екен. Ауыр ойдың салмағына жаншылып, бетін жуған жасты да елемепті. Одан кейінгі ерекше сәттер – егіздерінің өмірге келген сәті емес пе?! Иә, иә. Алғашқы ата-аналық сезім. Ол кездегі бақытты басқа ешнәрсемен салыстыра алмайтын.

Алғашқы ультрадыбыстық зерттеуге қаладағы ең мықты деген маманға жазылған. Аппаратын қосып көре сала:

- У вас двойня, вы знали? – деді.
- Жооқ, рас па? Аллаға шүкір, шүкір, – деп жүрегі жарыла қуанғаны соншалық,

осы хабарды жеткізген дәрігерді құшақтап алғысы келген. Қайта-қайта рахметін айтып сыртқа шықты. Мұндай қуанышты хабарды қалай ерекшелеп жеткізудің ретін таппай, тек қолындағы дәрігер берген бір жапырақ қағазды басынан асыра бұлғап, Бағдатқа жүгіре жеткен.

- Бәрі жақсы ма? Дәрігер не деді? – деген сұрағына:

- Иә, иә, – деп бас изеуді ғана білді. Жайлап сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын қоянның қос құлағына ұқсатып ашып-жұмды.

- Не дейді? Екеу, егіз ба? – деген сұрағына көзін жыпылықтатып ашып-жұмғанды ғана білді. «АААА» деп ауланы басына көтере қуанған Бағдат Алтынайды шыр айналдырған еді-ау.

Осы сәтте кинолента бір сәтке үзілгендей, көзін тарс жұмып алды. Өлі жылап отыр. Сол баяғы ағаш орындықта. Күн жылынып, аллеяда адам қарасы көбейген. Жаңбырдан кейінгі таза ауаны жарып, құстардың шықылықтаған дауыстары естіледі. Бесікарбасын сүйреткен аналар кетіп барады. Осы сәтте балабақшада қалған балапандары есіне түсті, олардың әкесіз өсіп келе жатқан сынық жүздері ана жүрегін осып жіберуші еді.

«Қалай болды өзі? Құмарлығы қай сәттен басталды? Басында қалай байқамадым?» деп сан сауалдың шыр-мауына түсті. Егіздерін аман-есен босанып алды. Ауылдан енесі келіп, қашан қырқынан шыққанша қасында болды. Сол кезде Бағдат үйге әдеттегіден кештетіп келетін. Бір рет бір қо-

мақты алтын әкеліп таққан. Еш себебісіз. Жалақысынан жинап жүріп, мені қуантқысы келген екен ғой деп аса қатты мән бермеді. Оның құрдымға құлауы осы кезден басталған екен.


Алғашында қызығушылықпен барған букмекерлік кеңселер бірте-бірте Бағдаттың тұрақты орнына айналған. Қомақты ұтыстар ұтып, өзіне көңілі толып шыққан соң-ақ бар тапқан-таянғанын ойынға салатын болды. Ақыры қолына ештеңе ілінбегенде Алтынайға өзі сыйлаған алтынды сұрап алды. «Бір досыма қатты қажет болып тұр еді, уақыты келгенде қайтарады» деп өтірік айтты. Қарыз сұрағыш, қажетін айтқыш достары көбейіп кеткендей. Үйдегі бағалы мүліктердің барлығы сатылды. Ең ақырында Алтынай өзі отырған екі бөлмелі үйінің сатылып кеткенін естіп, есінен танып қалды. Амалсыз ата-анасына хабарласты. Олар келіп, алушылармен мән-жайдың анық-қанығына жете сөйлескенде Бағдаттың өте үлкен көлемде қарызға кіріп кеткенін және құмар ойынның батпағына батқанын білді. Қызы мен екі жиенін алып, «Енді Бағдаттың қарасын көрмейік» деп жүріп кетті. Себебі бұл батпаққа бір батқан адамның қайта қатарға қосылуы екіталай екенін білетін.

Содан бері Алтынай ата-анасының үйінде. Өзінің жұмысы бар, көйлегі көк, қарны тоқ. Балалары балабақшада. Бәрі қалыпты сияқты. Тек көңілі шіркін сол бір бақытты сәттерді аңсайды. Қолынан келсе уақытты кері айналдырғысы келеді. Өттең, ол мүмкін емес қой. Бір мұның басындағы қайғы емес, қазір құмар ойынның құрбаны болып жатқан қаншама шаңырақ барын естиді. Естиді де налиды. Қаншама жетім бала, тірідей жесір болған ана. Шайқалған шаңырақтар, құралмай жатып бұзылған ұялар. Зіңгіттей балаларынан айдыңкүннің аманында айырылып аң ұрған ата-аналар. Соның барлығына себепкер болып, жұтып жатқан «букмекерлік кеңсе» деген тажалды жауып тастауға ешкімнің пәрмені жетер емес. Құрығы күшті үкіметтің де дәрменсіз екенін білгенде, кімнен көмек сұрарыңды білмей өзегің өртене жаздайғы екен.

Алтынайда қазір бір ғана арман бар. «Балаларым ер жеткенше бір заң қабылданып, осы құмар ойынның құжырлары тұп-тұқиянымен жоғалса екен. Олар мұндай сұмдыққа жоламай, таза өссе екен» деп шын жүрегімен, аналық таза пейілімен тілейді. Лайым тілегіне жетсін!

► ПОЭЗИЯ

Тұл - еңімір жайқалсын



Болат АСАНОВ,
Халықаралық М. А. Шолохов
атындағы және
Халықаралық Абай атындағы
медалдардың иегері

АЙБАРЛЫ АҚИҚАТТЫҢ АҚ ТУЫНДАЙ

(Шоң Телқозыұлы бабамыздың
туғанына 200 жыл толуына)

Шоң деген есіміңе таң қаламын,
Сол сөзден сан қасиет аңғарамын.
Айбарлы Ақиқаттың ақ туындай,
Атағы Бабамыздың елге мәлім.

Жан екен жаратылған жөні бөлек,
Оқыған, зиялы екен, ойы зерек.
Сабырлы, салиқалы, тілге ұста,
Сөзінің мағынасы, мәні де ерек.

Ұлылық исін сезем жұрағаттан,
Іздеген ізін тапқан мұрағаттан.
Патшадан шен де таққан шенеунік,
Халқына қадірі асқан, сірә мақтан.

Қырық жыл болыс болған, ел қалаған,
Жарлығы, жоқ-жітікке болған алаң.
Ояздар санасыпты Шоңкеңменен,
Жек көрген жандайшапты жорғалаған.

Қолдаған адами пір – иелері,
Әділет болыпты нық сүйенері.
Бір сөзбен істі шешіп, дауды тыйған,
Даланың Дарабозын сүйеді елі.

Кектенбей бақталасқа, суысқанға,
Бұрмапты туғанына, туысқанға.
Қақ жарған қара қылды сол Бабамыз,
Жанашыр шындықты айтып, ту ұстарға.

Жаттың да жайын ұққан, сырттамаған,
Елдіктің намысын тек жыртқан адам.
Бүгінде әділ Баба жолын қуған,
Қайсың бар адал жүрек, жұрт қалаған?!

Фөнидің қалмас үшін мазағына,
Бақидың бармас үшін тозағына,
Тозбасқа ел тұғыры – Тәуелсіздік,
Қажет-ақ Шондай ұлдар қазағыма!

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТІЛ ҚАТУ

Шақ қалғанда жойылуға тіліміз,
Сақталғанда іште бұғып үніміз,
Теңдесі жоқ құдыреттей сен келдің,
Талай ғасыр аңсаған ек мұны біз.

ХАБАРЛМА

2024 жылғы 20 сәуірде, сағат 11.00-де Жаңаарқа ауданының орталығында С.Сейфуллин кітапханада ақын Болат Асановтың «Ең әдемі құс қайсы?» және «Шырайлы шырақ» кітаптарының жарық көруіне байланысты кеш өтеді. Келіңіздер! Көріңіздер!

Тұйықталып діліміз бен дініміз,
Тым көмескі тартқан кезде күніміз,
Арайлаған алтын таң боп сен, келдің,
Көкте самғап төмендегі құнымыз!

Бодандықтан баз кешкенде халқымыз,
Адасқанда дәстүр менен салтымыз,
Жебеуші боп, демеуші боп сен, жеттің,
Тарихымда қалдыруға алтын із!

Байлығымз жатқа ысырап болғанда,
Айлығымыз – шайлығымыз оңған ба?!
Еңсемізді тік көтерген Азаттық,
Көкіректер шер-шеменге толғанда!

Иегермін өз жеріме – далама,
Күегермін көк тіреген қалаға.
Еркіндігім – ен қазына, бақытым,
Шаттанбасқа, мақтанбасқа бола ма?!

Өшкен жанып, өлгендерім тіріліп,
Жүректерде ұялаған нұр – үміт.
Бейімдіге гүл ұсынған Кісілік,
Кейінгіге үлгі ұсынған Ірілік!

Тәуелсіздік!!!
Ең қымбаттым, тегі ерек,
Енді бізге бұдан артық не керек?!
Мәңгілік ел күнге бетін түзеген,
Мәңгі ғасыр тұғырыңды шегелеп!

СЫРЫ БІРГЕ ДОС ЕДІК БАЛА КҮННЕН

(ҚР Ақпарат саласының үздігі,
қарымды қаламгер
Амандық Рахұлына)

- Ертең ота жасайды, - дегенінде.
Қабырғама қадалған тебен ине.
Жаратқанға жалынып, жалбарындым,
Қосақталып күдіктің көгенінде.

Саусағына жыр үшін қалам ілген,
Сыры бірге дос едік бала күннен.
Қылығыңмен қалыпты қадірленіп,
Тас жарғансың талантты талабыңмен.

Ұтқыр ойлы, қарымды қаламыңмен,
Талабыңды тәнті еткен қаладым мен!
Елдің жайын жиһаздап жүрегінде,
Жерұйық қып жаныңа даланы кең.

Тақырыптың қамтыдың не түрлерін,
Кеудемсоқтай кісімсіп, көпірмедің!
Айнымастан байсалды болмысыңнан,
Адамдықтың жолында көсілгенің!

Шеберліктің бойлаған парқына кім?
Ал ақпарат айрықша қарқын-ағын.
Мысты аймақтан мысқалдай
сыр қалдырмай,
Жез-алтындай өзің де жарқырадың!

Жылжып жылдар, сынаптай
сырғып айлар,
Бір басыңнан өтті рас түрлі жайлар.
Тағдырының таңдауы тап келгенде,
Өрмекшінің торына шілді байлар.

Әулие боп алды-артын бағамдар кім?
О, бауырым, шүкірлік, аман қалдың!
Есімінді Амандық қойған анаң,
Құдыреттей көрінген маған әр күн.

Қуанғаннан шық тұнған кірпігімде,
Сөйлеп кеткен жүрегім жыр тілінде.
«Аурып тұрдың, - демей ме,
аунап тұрдың»,
Қуат берсін Құдайым сілкінуге,
Өзің үшін хақым жоқ іркілуге!

ӘПКЕМНІҢ АУЫЛЫНА БАРҒАН КҮН

Әпкемнің ауылына барған күн,
Елесі тәрізді арманның.
Қатарлас құрбымен танысып,
Жан сырын ұғуға қармандым.

Бұрымын жіберген арқаға,
Көз салдым қаракөз қалқаға.
Аршын төс, қыпша бел, керме иық,
Ақ жүзі албырап, тартады е...

Әсерлі жымып күлгенің,
Биязы, байыпты жүргенің.
Үр қызы сендей-ақ болар-ау,
Бұл менің түйсініп, білгенім.

Жалқы сәт қиылып, қарадың,
Жайдары қалпыңды қаладым.
Сыйқырлы сөзіңе арбалып,
Абдырап, алаулап барамын,
Сезімнің ішкендей шарабын.

Тәңіңе сұлулық беріпті,
Жаныңа жауһардай жыр дарып.
Өмірім боп кеткен көрікті,
Көңілім күндей боп нұрланып.

Бұрыннан таныстай сыр ашып,
Жарастық сол кеште бірге боп.
Армандар жылдарға ұласып,
Бақытқа бөленген түрде боп.

Қайттым мен аулыма, сен қлдың,
Қоштастың қолыңды ұсынып.
Қыймаған кейпіңді аңғардым,
Жолыңның бөлегін түсініп.

...Жәудіркөз жылдармен жоғалған,
Жүрегім лүпілі бастықты.
Сол бір кез есіме оралған,
Аңсаудан шығар-ау жастықты.

ТАҒАН КЕЛДІ!!!

Арттарына қалдырып тамам белді,
Таған келді, көк мойын таған келді!
Алабұртып ала күз қайтқан еді,
Аман келді, алақай, аман келді!

Сүйінші елім, Сүйінші! Қыс көшеді,
Ұйпа-тұйпа шашылған күстөсегі.
Бүр жарады балауса, балғын мезгіл –
Түкті кілем, көк-жасыл тұс кешегі.

Басқалардан жеріме бұрын жетті,
Бұрынғылар: «Бұл жақсы ырым» – депті.
Жылы лептер желпіген қанаттардан,
Қаһарлы қыс қайырылмай қырын кетті.

Аңсаттырып сахара, елді мекен,
Сағыныштан сабылып келді ме екен?!
Гүлді көктем жолдаған поштасындай,
Сәт сапарлап, буынып белді бекем!

Құшағыма қысайын келші, Құсым,
Қос тарапты жалғаған елші мүсін!
Жеті қат көк жебеуі жетелеген,
Жер түбінен жеткізген жел сыбысын,
Құшағыма көнеки, енші құсым!

КЕНЖЕБАЙ КЕЛГЕНДЕ

(Драматург, аудармашы, ақын,
филология ғылымының кандидаты
Ахметов Кенжебайға)

Ізетті інім, сыйласым анық,
Кенжебай келген киносын алып.
-Шашуыңды ал да, Жұмақұл, жинап,
Жиыннан қалмай үйден шығалық!

Ынтасын салып дос ұлға бекем,
Жан-жақтан жұрт та жосылған екен.
Көрі мен жасы, жайсаңы түгел,
Ауыл мен аймақ қосылған екен.

Оралғандай боп ұшағы айдан,
Айналдым елден құшағын жайған!
Баурына басып, қауышып жатыр,
Бұлықсып сәтте күш – ағын бойдан.

Ер де сағынып, ел де сағынып,
Кей кірпік алған моншақ тағынып.
Тұғыры берік қазақы салтқа,
Тағзым еткендей қалдық бағынып.

Алланың нұры жауыпты дерсің,
Таланттан тұлға тауыпты көркін.
Көптен көрмеген, көңілім босап,
Оттай құшақтан сауықты дертім.

...Көтеріп көңіл, гүлденген қауым,
Тыныс алғандай бір деммен ауыл,
«Неге солайға» ден қойған көптің,
Бата-тілегі – селденген жауын!

Құнарлы жерден марқа піседі,
Қауызға сыймай арпа түседі.
Еңбегің елге өтелген сайын,
Қадірің артқан тарта түседі.

ЖЕТПІС ЖАС

Ет, ажар қашқан шақ,
Енжарлық басқан шақ.
Нақылы нық түсіп,
Ақылы асқан шақ!

Күш-қуат қашқан шақ,
Жұмысқа жасқаншақ.
Пенделік ығысып,
Кісілік асқан шақ.

Қаузауы қарымды,
Ойлары арынды.
Өмірден оқыған,
Даңғайыр дарынды.

Гүл – ғұмыр жайқалсын,
Бажайлап, байқарсын.
Жетпіске жеткен соң,
Қалғанын айтарсын.

► ДЕННИҢ САУЛЫҒЫ - ЕЛДІҢ БАЙЛЫҒЫ ҚАНДАЙ ЖҰҚПАЛЫ ЖӘНЕ ЖҰҚПАЛЫ ЕМЕС АУРУЛАР СУ АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ?

Су арқылы: гепатиттер, тырысқақ, іш сүзегі, паратифтер, дизентерия, лептоспироз, туляремия (ауыз судың кеміргіш бөлінділермен ластануы), сальмонеллез, құрттар беріледі.

Су арқылы берілетін вирустық аурулардың ішінде ішек вирустарының тобы, соның ішінде энтеровирустар, гепатит А және басқалары басым орын алады. Өзендерден, ұсақ көлдерден су тасып, жаңбыр суларымен араласқан кезде еріген су түзіліп, бұл шұңқырлар, шаруашылық аулалар, дәретханалардағы лас қалдықтармен араласып, құдықтар мен скважиналардағы сулардың жаппай ластануына әкеліп соғуы мүмкін.

Су тасқынының тағы бір проблемасы - кеміргіштер, көптеген аурулардың қоздырғыштары, олар тұрғын үйлер мен ғимараттарға еніп, адамның жұқпалы және паразиттік аурулармен ауыру қаупіне ықпал етуі мүмкін.

Сондықтан тұрғындар су тасқыны кезінде келесі қарапайым және тиімді ережелерді сақтауы қажет:

1. Қолды сабынмен мұқият жуыңыз, дәретханаға барғаннан кейін, тамақ дайындау және тамақтану алдында, жеке учаскеде жұмыс істегеннен кейін мүмкіндігінше қолды жиі жу қажет.

2. Ішуге тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдаланған жөн.

3. Азық-түлікті сақтау және дайындау ережелерін сақтаңыз.

4. Тамаққа термиялық өңдеуден өткен азық-түлік өнімдерін қолданыңыз.

5. Жеке гигиена ережелерін сақтаңыз.

6. Көкөністер мен жемістерді ағынды суда мұқият жуып, қайнаған сумен шайыңыз.

7. Тұрғын үй-жайларды және үйдің жанындағы аумақты таза ұстаңыз.

8. Тасқын суға малынған тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз.

9. Жеке учаскеде жұмыс істеген кезде қолғап пайдаланып, кір қол арқылы инфекция ағзаға түспеуі үшін жұмыс кезінде тамақ ішпеңіз және темекі шекпеңіз.

10. Тұрғын үйлер мен аула аумақтарын қолғаппен тазалаңыз.

Жедел инфекциялық ауру белгілері: дене қызуының көтерілуі, құсу, іштің өтуі және т.б. пайда болған жағдайда дереу жергілікті медициналық ұйымнан медициналық көмек сұраңыз.

Сәтбаев қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы гигиеналық ережелерді сақтау Сізді көптеген аурулардан қорғайтынын ескертеді!

**Абай Еркінбек,
«Сәтбаев қаласы
санитарлық
эпидемиологиялық
бақылау басқармасы» ММ
басшысының м.а**

► ЗДОРОВЬЕ - ГЛАВНОЕ БОГАТСТВО КАКИЕ ИНФЕКЦИОННЫЕ И НЕИНФЕКЦИОННЫЕ ЗАБОЛЕВАНИЯ ПЕРЕДАЮТСЯ ВОДНЫМ ПУТЕМ?

Водным путем передаются: гепатиты, холера, брюшной тиф, паратифы, дизентерия, лептоспироз, туляремия (загрязнение питьевой воды выделениями грызунов), сальмонеллез, глисты.

Среди вирусных заболеваний, передающихся водным путем, преобладающее место занимает кишечная группа вирусов, в том числе энтеровирусы, гепатит А и многие другие. При разливе воды с рек, мелких озер, в перемешку с дождевыми водами образуются талье воды, которые приводят к массовому загрязнению воды в колодцах и скважинах нечистотами из выгребных ям, хозяйственных дворов, туалетов.

Одна из проблем паводка – это грызуны, переносчики многих заболеваний, они проникая в жилые дома и постройки, могут способствовать риску заражения человека инфекционными и паразитарными заболеваниями.

В паводковый период жителям необходимо соблюдать простые и эффективные правила:

1. Тщательно мыть руки с мылом и делать это как можно чаще, после посещения туалета, перед приготовлением и приемом пищи, после работы на приусадебном участке.

2. Использовать для питья только кипяченую или бутилированную воду.

3. Соблюдать правила хранения и приготовления продуктов питания.

4. Употреблять в пищу термически обработанные продукты питания.

5. Соблюдать правила личной гигиены, в том числе при уходе за маленькими детьми.

6. Тщательно мыть под проточной водой, обрабатывать овощи и фрукты кипяченой водой.

7. Содержать в чистоте жилые помещения и территорию возле дома.

8. Провести очистку, дезинфекцию скважин используемых в питьевых целях.

9. Не использовать подмоченные паводковой водой пищевые продукты.

10. При работе на приусадебном участке используйте средства защиты рук, не принимайте пищу и не курите во время работы, чтобы инфекция с загрязненных рук не попала в организм.

11. Очистку жилищ и территорий двора проводите в перчатках.

В случае возникновения симптомов острого инфекционного заболевания, повышение температуры тела, рвота, жидкий стул и др., незамедлительно обращайтесь в местные медицинские организации за медицинской помощью.

Управление санитарно-эпидемиологического контроля города Сатпаев в целях обеспечения Вашего здоровья и здоровья Ваших близких, просит вас соблюдать вышеуказанные правила!

**Абай Еркінбек,
и. о.руководителя
РГУ «Сатпаевское городское
управление санитарно-
эпидемиологическое
контроля»**

БАЙҚАУДА ТОП ЖАРҒАНДАР

Жаңаарқа ауданының білім бөліміне қарасты Е.Шаханов атындағы тірек мектебінде дарынды балаларды қолдау мен талантты жастарды анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында «Ілияс оқулары» республикалық байқауының аудандық кезеңі өтті. «Ілияс оқулары» байқауын аудандық білім бөлімінің әдіскері Оқасова А.К. ашып беріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бес бағыт бойынша өткізілген байқауға 16 оқушы қатысты. Байқау қорытындысы оқушылардың тыңғылықты даярлықпен келгенін байқатты. Әрбір номинация бойынша жеңімпаздар анықталып, келесі сатыға жолдама алды. Айталық, «Ілияс – эпик ақын» - шығарманы жалғастыру номинациясы бойынша Атасу ЖББМ-нің 8-сынып оқушысы Ахметжан Меруерт I орын иеленді.

Жас ақындардың қарым қабылеті сынға түскен «Жаз! Жаз! Қалам, жорғалап!» - номинациясында бойынша Е.Шаханов атындағы ТМ 11-сынып оқушысы Бақытжан Нұрболға ешкім тең келмеді, ал, О.Әлібаев атындағы ЖББМ 9-сынып оқушысы Олжабай Ақпейіл, №1 мектеп-лицейінің 8-сынып оқушысы Рахметулла Дәния - II орынға, Ынталы ЖББМ 11-сынып оқушысы

Елеу Мағжан, Манадыр НМ 9-сынып оқушысы Аманқұлова Нұрдана, №135 НМ 8-сынып оқушысы Ибрагимова Сәнім- III орынға лайық деп бағаланды.

«Ілияс – қарасөз шебері» номинациясы бойынша көркем сөз оқу шеберлері сынға түсті. Бұл номинацияның жеңімпазы №1 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Кенбай Аружан болды. Манадыр негізгі орта мектебінің 9-сынып оқушысы Хайрулла Нәрім-екінші, №135 негізгі орта мектебінің 9-сынып оқушысы Жанқабыл Аружан мен Көктал ЖББМ-нің 8-сынып оқушысы Асамидан Медет үшінші орынды иеленді.

Шығарманың көркемдік құрылысын талдау номинациясы «Сұлу сөздің сұлейі» деп аталды. Бұл номинацияда Е.Шаханов атындағы ТМ (РО) 9-сынып оқушысы Сартай Талшын



жеңімпаз атанды. «Заманның заңғар тұлғасы» деп аталған - буктрейлер номинациясы бойынша I орын - №1 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Тайлақова Мөлдірге, II орын - О.Әлібаев атындағы ЖББМ 10-сынып оқушысы Егенбай Толғанайға, III орын - Е.Шаханов атындағы ТМ (РО) 8-сынып

оқушысы Көжебай Айша мен Б.Амалбеков атындағы ТМ (РО) 11-сынып оқушысы Аманжол Айымға бұйырды.

Байқау балалардың І.Жансүгіров шығармаларын жақсы білетіндіктерін және өздерінің ой-өрістерінің тереңдіктерін көрсетті.

І.ТҮСІП

СОТ ТӨРЕЛІГІ

ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

Қоғамымыз алға басып, құқықтық жағынан дамыған сайын заңдар да заман талабымен үндесіп, жетіле түсетіндігі табиғи заңдылық. Қоғамдық қатынасты реттейтін заңдар ескіріп, орнына жаңадан заңдар қабылданып, кейбір заңдарға, нормативтік-құқықтық актілерге, кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатады. Соның бірделелі қазіргі уақыттағы қолданыстағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі».

Аталмыш кодекстің мақсаты-азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін енгізу және олардың жұмыс істеуі, сонымен қатар, қоғамдық-құқықтық дауларды қарау, сондай-ақ азаматтарға шешімдерді қабылдауға нақты қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктерді белгілеу. Яғни, азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беріледі. Егер азаматтар мен заңды тұлғалар әкімшілік органдардың шешімдері мен келіспесе, олар әкімшілік соттарға шағымдана алады.

Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот өндірісін жүргізу тәртібін реттейді. Кодекс құрылымы бойынша екі бөлікке бөлінеді: бірі-рәсімдік бөлігі, екінші сот ісін жүргізу бөлігі. Рәсімдік бөлік мемлекеттік органдардың рәсімдерін, соның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері мен әкімшілік актінің қабылдануы мен шағымдалуы тәртібін айқындаса, сот ісін жүргізу бөлігінде талап қою түрлері, істерді қарау тәртібі, сот шешімі, сот бақылауы секілді ісжүргізу тәртібі бекітілген.

Біз мақаланың арқауы болып отырған сот ісін жүргізу бөлігіне жекелеп тоқталсақ.

Кодекстегі маңызды жаңалықтардың бірі талап түрлерінің айқындалуы деуге болады. Сотта әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Ұсынылып отырған өлшемдерге сәйкес олар дау айту, мәжбүрлеу, әрекетті жасау, тану туралы талап қою болып төрт түрге бөлініп отыр. Бұл ретте азаматтық процеске қарағанда, талаптың ұйғарымдылығы, тексеру көлемі, оның іс бойынша өтуі талаптың нақты түрін таңдауға байланысты екенін ескерген жөн.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті - жария құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу.

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттарын бізу оның сипатына және елеулі болуына қарай әкімшілік актілерді (әрекетсіздікті) заңсыз деп тануға, сондай-ақ шығарылған сот актілерінің күшін жоюға алып келеді.

Мемлекеттік органдар-өз құзыреті шегінде, жеке және заңды тұлғалар бұзылған немесе дау айтылатын заңды мүдделерін қорғау туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асы-



рылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелері, арыздары, өтінішхаттары, олар ұсынған дәлелдер, дәлелдемелер және әкімшілік істің өзге де материалы меншектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Істі қарайтын судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын-ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сотқа құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдау да және өзгертуде жәрдем көрсетуге құқық берілген. Сот процесінің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтініш хаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызды бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетеді. Яғни, азаматтық ісжүргізудегі заң мен соттың алдындағы теңдігі қағидаты қолданылмай, әкімшілік істер бойынша мемлекеттік органның, лауазымды тұлғаның және талап қоюшының (жеке тұлға немесе заңды тұлға) арасындағы теңсіздікті осы соттың белсенді рөлінің негізінде жоюға мүмкіндік берілген.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды. Сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Осымен қатар, кодекске бұрын болмаған жаңа тәртіптер енгізілген. Мәселен, егер тиісті жауапкерді тартуға талап қоюшы қарсы болса сот өз бастамасымен оны қосымша жауапкер ретінде іске тарта алады. Азаматтық іс жүргізуде тиісті жауап-

керді талап қоюшы ауыстырмаса сот талапты қанағаттандырудан бас тартады.

Әкімшілік сот ісін жүргізу дедәлелдеу ауыртпалығы да жаңаша бекітілген. Атап айтқанда: дау айту жөніндегі талап қою бойынша ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің қабылдаған жауапкерге жүктелген. Жауапкер дауланған шешімнің немесе әрекетінің заңдылығын сотта өзі дәлелдеуі тиіс.

Мәжбүрлеу туралы талапқою бойынша-сұратылып отырған әкімшілік актінің қабылдаудан бас тарту үшін негіз болған фактілер бөлігінде жауапкер және өзі үшін қолайлы әкімшілік актінің қабылдануы негізделетін фактілер бөлігінде талап қоюшы өтереді.

Кодекстің талабы бойынша жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады. Яғни, жауапкер өз актісін қабылдаған кезде оған қажетті негіздемесін жазбаса, ұмытып кетсе ол акті дауланған кезде сотта оған сілтеме жасауға мүмкіндігі болмайды. Бұл жағдай мемлекеттік органдарының өз әкімшілік актілерін сапалы түзілуінің бір тетігі болып табылады.

Әкімшілік істің мерзіміне тоқталатын болсақ, іс сотқа талап қою берілген сәттен бастап қозғалған болып есептеледі, бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда ақылға қонымды мерзімде 3 айға дейін, бұл ретте кассациялық сатыда 6 айға дейін қаралады. Осы жерде айтып өту керек, уәкілетті органның мемлекеттік сатып алу-ды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына және сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы әкімшілік істер оған сот отырысында талқылау тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

Р.МҰҚАТАЕВ,
Ұлытау облыстық
сотының судьясы

ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ БІРЕУДІҢ МАЛЫНА КӨЗ САЛЫП...

Мал шаруашылығы қазағымыздың, әсіресе ауыл халқының негізгі кәсібі, тіршілік және күн-көріс көзі болып табылады. Осы ретте, төрт түлікті бағудың оңай шаруа емес екендігін атап өту қажет, малды күтіп-бағу, оны азықтандыру, жем-шөбін даярлау, гигиеналық, ветеринариялық шараларды жүргізу және тағы да басқа жұмыстары бар. Аталған міндеттердің барлығын атқару малды ұстап-бағатын шаруалар тарапынан еңбекті және қаражатты да талап етеді.

Өкінішке қарай, мал бағушы адамдардың еңбегіне қиянат жасап, осы төрт түлікке қол сұғып, мал ұрлауға баратындардың саны аз емес және мал шаруашылығымен айналысатын ағайын үшін бұл өзекті мәселе. Ауыл халқының малын ұрлау – олардың күн-көріс көзіне қол сұғу, одан айырумен бірдей.

Бұл мәселенің маңыздылығын еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өтіп, мал ұрлығы үшін жауаптылықты күшейту бойынша Үкіметке тапсырма берген болатын. Осы тапсырма аясында 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңмен Қылмыстық кодекске жеке бап, яғни мал ұрлығы үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін 188-1 бап енгізілді.

Мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру болып табылады.

Аталған бапқа сәйкес, мал ұрлығы үшін жаза басқа ұрлыққа қарағанда қатаңдатылды. Мәселен, бұл бапты қылмыстың 4 құрамы көрсетілген.

Бөтеннің малын жасырын жымқыру -мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мал ұрлауды алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған жағдайда және ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ал, бірнеше рет, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау –мүлкі тәркіленіп, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық топ жасаған, аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, 7 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы бапта мыналар мал деп түсініледі: ірі қара мал; жылқылар мен есектер; түйелер; ұсақ мал; шошқалар.

Қылмыстық кодекстің 188-1-бабының 1-бөлігі ауырлығы орташа қылмыстар санатына, ал қалған басқа бөліктері ауыр қылмыстар санатына жатады. Бұл ауыр қылмыстар санатындағы мал ұрлығы бойынша заң бойынша тараптар арасында татуласуға жол берілмейді. Бұл заң талабы мал ұрыларының жәбірленушімен татуласып, жауаптылықтан жалтаруына және мал ұрлығының алдын алуын күшейтуге мүмкіндік береді.

Осы мақаланы қорытындылай келе, ұрлықтың түбі – қорлық және мал ұрлығы үшін жазаның ауыр екенін атап өткім келеді.


Г.ИСКАКОВА,
Жезқазған қалалық
сотының судьясы.



ОВЕН. Наступающая неделя принесет Овнам волну новых идей и вдохновения. Ваша энергия и инициативность найдут применение в решении сложных задач. Не бойтесь экспериментировать и пробовать новые подходы в работе; это принесет неожиданные, но положительные результаты.



ТЕЛЕЦ. Для Вас предстоящая неделя станет периодом заслуженного отдыха и восстановления сил. Ваша обычная трудоспособность и настойчивость позволят завершить все начатые дела без лишнего стресса. В этот период важно уделить внимание личным отношениям.



БЛИЗНЕЦЫ. Эта неделя обещает Близнецам много общения и новых знакомств, которые могут оказать значительное влияние на ваше будущее. Будьте открыты к общению и не бойтесь выходить из зоны комфорта. В работе вас ждут неожиданные предложения, требующие быстрого принятия решений.



РАК. Начало недели предоставит Ракам возможность погрузиться в мир своих чувств и переживаний. Вас ждут важные размышления о личной жизни и отношениях с окружающими. Это время, когда вы сможете разобраться в своих настоящих желаниях и нуждах.



ЛЕВ. Для Львов предстоящая неделя станет временем активных действий и новых достижений. Ваша энергия и уверенность в себе позволят вам добиться значительных результатов как в работе, так и в личных начинаниях. Не упустите возможность взять на себя роль лидера в важных проектах; ваш вклад будет высоко оценен.



ДЕВА. Неделя подарит Девам шанс на самоанализ и рефлексии. Это время для того, чтобы остановиться и оглянуться на пройденный путь, переосмыслить цели и задачи. В работе ваша внимательность к деталям и стремление к совершенству приведут к успеху в выполнении текущих задач.



ВЕСЫ. Эта неделя предвещает Весам период гармонии и равновесия как во внутреннем мире, так и в отношениях с окружающими. Ваша естественная склонность к справедливости и умение находить компромиссы помогут разрешить давние конфликты. В профессиональной сфере вас ожидают успехи.



СКОРПИОНЫ. Для Скорпионов наступающая неделя будет полна событий, требующих вашего полного погружения и интенсивной работы. Ваша решимость и способность глубоко анализировать помогут в решении сложных задач на работе. Эмоциональная интенсивность в личных отношениях может привести к значимым разговорам и новым открытиям о себе и партнере.



СТРЕЛЕЦ. Вас ждет неделя, полная приключений и новых возможностей. Ваш оптимизм и жажда знаний приведут к интересным событиям, которые расширят ваш кругозор. В профессиональной жизни появятся неожиданные предложения, способные кардинально изменить ваш карьерный путь.



КОЗЕРОГ. Для Козерогов предстоящая неделя станет временем реализации давних планов и идей. Ваша трудоспособность и упорство позволят вам добиться значительных успехов в профессиональной сфере. Это идеальное время для завершения проектов, требующих внимания к деталям.




ВОДОЛЕЙ. Вам эта неделя предложит массу возможностей для проявления своего творческого потенциала. Ваше стремление к инновациям и нестандартному мышлению привлечет внимание окружающих и откроет перед вами новые горизонты. В профессиональной жизни ожидайте признания и возможностей для реализации своих идей.



РЫБЫ встретят неделю, насыщенную глубокими эмоциональными переживаниями и важными событиями в личной жизни. Ваша интуиция будет особенно сильна, позволяя чувствовать и предвидеть события еще до их наступления. В работе постарайтесь избегать конфликтов и недопонимания, доверяя своей интуиции в принятии решений.

СКАНВОРД



Анекдоты, анекдоты...



Еврейского мальчика, лет 6-ти, отдают в школу. На собеседовании его спрашивают сколько он знает **ВРЕМЕН ГОДА?**

Дите на минутку задумывается и уверенно говорит:

— ШЕСТЬ!

Директриса тактично ему намекает:

— А если подумать?

Парень на мгновение замирает и говорит:

— Честное слово, таки больше не помню...

Директриса выразительно смотрит на побарбешку мамашу мальчика и отправляет их на минуточку в коридор. Там мама возмущенно спрашивает

мальчика:

— СЕМА! И ТАКИ ШО ЭТО БЫЛО?!

— Мама! — чуть не плача отвечает ей сын, — Я правда не помню с ЭТИМ никого, кроме Чайковского, Вивальди, Гайдна, Пьяццолы, Лусье и Глазунова!

Подходят к кассе продуктового магазина два мужика с бутылкой водки. Продащица предлагает «По скидке кофе, шпроты, конфеты». Мужик спрашивает «А когда на водку будет скидка».

На что продащица реагирует молниеносно «На продукты первой необходимости скидок нет»

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 605

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.